

## 2021 жылға арналған пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Меңдіқара ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 23 қарашадағы № 199 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 24 қарашада № 9578 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес Меңдіқара ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2021 жылға арналған пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. "Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Меңдіқара ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Меңдіқара ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Н. Қатарбеков

Әкімдіктің

2020 жылғы 23 қарашадағы

№ 199 қаулысына

қосымша

## 2021 жылға арналған пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота

| № | Ұйымдардың атауы   | Ұйымдағы жұмыскерлердің тізімдік саны, адам | Жұмыскерлердің тізімдік санынан пайыздық көрсетілімдегі квота мөлшері | Жұмыс орындарының саны |
|---|--------------------|---|---|------------------------|
|   | "Агрофирма Қарқын" |   |   |                        |

|    |   |     |      |   |
|----|---|-----|------|---|
| 1. | жауапкершілігі шектеулі серіктестігі  | 170 | 0,6% | 1 |
| 2. | "Восток-1" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі   | 231 | 0,4% | 1 |
| 3. | "Родник kst" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі   | 60  | 1,7% | 1 |
| 4. | "Меңдіқара ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Боровское ЖКХ-2016" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | 77  | 2,6% | 2 |
| 5. | "Олга Боровское" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі   | 304 | 0,7% | 2 |